

Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 655	▲ 1,56%	▲ 13,4%
NASDAQ	22 695	▲ 2,21%	▲ 17,7%
DJIA	46 068	▲ 1,29%	▲ 8,7%
CBOE Volatility Index (VIX)	19	▼ -12,14%	▲ 6,1%
Еуропа			
FTSE 100	9 443	▲ 0,16%	▲ 14,3%
DAX	2 059	▲ 0,63%	▲ 20,7%
Азия			
Hang Seng	25 889	▼ -1,52%	▲ 31,9%
Nikkei 225	46 740	▼ -0,95%	▲ 17,2%
Shanghai SE	3 890	▼ -0,19%	▲ 19,2%
Қазақстан			
KASE	7 080	▼ -1,08%	▲ 24,7%

Лидеры роста и падения S&P 500



Дүйсенбі күні қор нарықтары сауда-саттықты өсіммен аяқтады: S&P 500 1,56%-ға өсіп, \$6 654,72 деңгейіне жетті; Nasdaq Composite 2,21%-ға көтеріліп, \$22 694,61 болды; DJI 1,29%-ға қымбаттап, \$46 067,58 құрады. S&P 500 индексінің 11 секторының 10-ы сауда барысында өсім көрсетті. Өсімнің көшбасшылары Information Technology (+2,7%), Materials (+1,8%) және Consumer Discretionary (+1,5%) секторлары болды. Жалғыз төмендеген сектор — Consumer Staples (-0,2%).

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	9 543 191 725 052	0,7%	-4,1%	22,3%
Consumer Discretionary	6 275 285 964 089	1,5%	-5,2%	9,5%
Consumer Staples	3 268 860 314 616	-0,2%	-1,1%	-9,0%
Energy	1 597 244 509 189	1,4%	-0,9%	-5,8%
Financials	8 044 602 170 150	0,8%	-1,5%	15,8%
Industrials	4 574 161 280 434	0,7%	-1,8%	6,6%
Information Technology	20 502 973 109 573	2,7%	4,0%	24,4%
Materials	1 015 121 165 329	1,8%	-2,6%	-9,5%
Real Estate	1 032 610 476 004	0,6%	-3,8%	-9,1%
Utilities	1 381 096 112 180	0,4%	5,5%	18,2%
Health Care	5 324 204 981 201	0,2%	2,4%	5,6%

Дүйсенбіде Уолл-стриттің негізгі индекстері сенімді өсім көрсетті, оған Broadcom және басқа да чип өндірушілердің акцияларының қымбаттауы ықпал етті. Нарыққа АҚШ пен Қытай арасындағы сауда шиеленісіне қатысты президент Дональд Трамптың жұмсқау риторикасы қолдау көрсетті, бұл инвесторлардың алаңдаушылығын азайтты.

Инвесторлар АҚШ Қаржы министрі Скотт Бессенттің мәлімдемесін оң қабылдады. Ол Трамп қазан айының соңында Қытай төрағасы Си Цзиньпинмен кездесуді жоспарлап отырғанын және тараптардың сауда дауларын азайту жолдарын талқылайтынын айтты. Бұл жаңалық президенттің бұған дейінгі өткір мәлімдемелерінен кейін нарықтағы көңіл-күйді тұрақтандырды.

Жұма күні Трамп Қытайдың сирек кездесетін элементтердің экспортына енгізген жаңа шектеулеріне жауап ретінде 1 қарашадан бастап қытайлық тауарларға 100%-дық баж салығын енгізеді деп сес көрсетті. Жаңа ережелерге сәйкес, сирек кездесетін металдар мен магниттерді өндіруде қытайлық материалдар мен жабдықты пайдаланатын шетелдік компаниялар, егер мәміледе қытайлық компаниялар қатыспаса да, Қытайдың экспорттық лицензиясын алуы керек. Алайда жексенбіге қарай Трамп риторикасын жұмсартып, әлеуметтік желілерде АҚШ Қытайға зиян келтіруді қаламайтынын мәлімдеді. Бұл нарық тарапынан диалогқа дайындықтың белгісі ретінде қабылданды.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	361	-1%	31,8%
Банк ЦентрКредит	4 954	-1%	116,1%
Kcell	3 332	1%	-1,4%
Казатомпром	29 750	-1%	45,5%
КазТрансОйл	865	1%	5,1%
KEGOK	1 483	0%	-2,5%
Kaspi.kz	42 701	-4%	-22,1%
КазМунайГаз	21 737	-1%	48,6%
Эйр Астана	804	0%	-29,6%

Қосымша өсім драйвері OpenAI компаниясының Broadcom-пен серіктестік орнатып, өздерінің жасанды интеллект процессорларын шығару туралы хабарламасы болды. Бұл жаңалық жасанды интеллект пен оған қатысты технологиялар секторы бойынша инвесторлардың оптимизмін арттырды, нәтижесінде Broadcom акциялары шамамен 10%-ға өсті.

CFRA Research компаниясының бас инвестициялық стратегы Сэм Стоваллдың айтуынша, жасанды интеллект нарықтағы басты қозғаушы күш болып қала береді, алайда ол инвесторларға Вашингтон мен Бейжің арасындағы сауда дауы шешілгенге дейін сақ болуға кеңес берді.

Геосаяси тұрғыда да шиеленіс бәсеңдеп келеді: ХАМАС Газа аймағындағы израильдік тұтқындарды босатты, ал Израиль, Трамп қолдаған атысты тоқтату туралы келісім аясында, бір топ палестиналық тұтқындар елдеріне қайтарды. Бұл оқиғалар аптаның басында нарықтағы жалпы оң көңіл-күйді нығайтты.

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	537,24	0,10%	2,4%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	11,17	2,16%	-20,2%
EUR/USD	1,1568	-0,43%	12,7%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитический департамент

Контакты:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерское обслуживание

Контакты:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Департамент торговых операций

Контакты:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Департамент продаж

Контакты:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.